

Банкроттық салдарынан заңды тұлғаны тарату кезінде азаматтардың өмірі мен денсаулығына келтірілген зиянды өтеу заңнамасын қолдану тәжірибесі туралы

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының 2005 жылғы 28 қазандағы N 4 Нормативтік қаулысы.

Ескерту. Бүкіл мәтін бойынша "конкурстық басқарушы", "конкурстық іс жүргізуді", "Конкурстық басқарушының", "конкурстық басқарушының", "конкурстық іс жүргізу", "Конкурстық іс жүргізу" деген сөздер тиісінше "банкроттық басқарушы", "банкроттық рәсімдерді", "Банкроттық басқарушының", "банкроттық басқарушының", "банкроттық рәсімдер", "Банкроттық рәсімдер" деген сөздермен; "77" деген цифрлар "102" деген цифрлармен ауыстырылды – ҚР Жоғарғы Сотының 31.03.2017 № 2 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Нормативтік қаулысымен.

Банкроттық салдарынан заңды тұлғаны тарату кезінде азаматтардың өмірі мен денсаулығына келтірілген зиянды өтеу туралы заңдарды соттардың біркелкі қолдануы мақсатында Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының жалпы отырысы

қаулы етеді:

1. Азаматтардың өмірі мен денсаулығына келтірілген зиян үшін белгіленген тәртіппен жауапты болып танылған заңды тұлға банкроттық салдарынан таратылған жағдайда төленудің көлемі мен тәртібі Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексімен (бұдан әрі - АК) және "Оңалту және банкроттық туралы" Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 7 наурыздағы № 176-V Заңымен (бұдан әрі - Заң) анықталатынына соттардың назарын аударған жөн.

Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Жоғарғы Сотының 31.03.2017 № 2 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Нормативтік қаулысымен.

1-1. Төлемдерді капиталға айналдыру кезеңі аяқталғаннан кейін Қазақстан Республикасының азаматына Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген тәртіппен ай сайынғы төлемдерді төлеу жүзеге асырылады (АК-нің 945-бабының 4-тармағы).

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 25 мамырдағы № 571 қаулысымен бекітілген Ережелерге сәйкес, көрсетілген тәртіппен ай сайынғы төлемдерді алуға құқығы бар адамдар кәсіпорынды банкрот деп тану туралы, зиянды өтеу есебіне капиталдандырылған соманы төлеу жөніндегі жауапкершілікті мемлекетке жүктеу туралы сот шешімдерінің көшірмелерін, сот бекіткен бірінші кезектегі кредиторлардың талаптарының тізілімін ұсынуы қажет. Жоғарыда көрсетілген адамдардың талап етуі бойынша құжаттардың куәландырылған көшірмелерін кәсіпорынды банкрот деп тану туралы істі қараған сот ұсынады.

Капиталдандырылған соманы төлеу жөніндегі жауапкершілікті мемлекетке жүктеу туралы соттың жаңа шешімін шығару олар 70 жасқа толғаннан кейін талап етілмейді.

Ескерту. 1-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Жоғарғы Сотының 2011.12.30 № 5 Нормативтік қаулысымен.

2. АҚ-нің 944-бабының 3-тармағына сәйкес, азаматтардың өмірі мен денсаулығына келтірілген зиянды өтеуге құқығы бар азаматтар банкрот деп жарияланған заңды тұлғадан тиісті мерзімдік төлемдерді капиталға айналдыру жолымен зиянды өтеу арқылы міндеттемелерін тоқтатуын немесе мерзімінен бұрын орындауын талап етуге құқылы.

Осы орайда, келтірген зиян үшін жауапты заңды тұлғаның АҚ-нің 937-ден бастап 944-ті қоса алғанда баптарымен белгіленген негіздер мен тәртіп бойынша ай сайынғы және басқа да қосымша төлемдер жасау міндеттемесі жаңаша - жәбірленуші тұлғаға капиталға айналдырылған соманы бір уақытта төлеу міндеттемесімен ауыстырылады. Мұндай төлемді жәбірленушінің талабы бойынша келтірілген зиянның орнын толтыру үшін төленген өтемақы ретінде түсіну керек.

Ескерту. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Жоғарғы Сотының 31.03.2017 № 2 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Нормативтік қаулысымен.

3. Заңның 102-бабына сәйкес, заңды тұлғаның банкроттық рәсімінің шегінде төленетін өтемақының мөлшерін айқындау тиісті мерзімдегі төлемдерді борышкер банкрот деп танылған күнгі мөлшерінде капиталға айналдыру жолымен азамат 70 жасқа жеткенге дейін, бірақ он жылдан кем емес уақытта төлену арқылы жүзеге асырылады. Егер азаматтың жасы жетпістен асатын болса, тиісті мерзімдік төлемдерді капиталдандыру кезеңі он жылды құрайды.

Жәбірленушінің денсаулығына нұқсан келгенше оның алып жүрген жалақысынан (кірісінен) немесе оның бөлігінен айырылуына байланысты зиян үшін жауапты тұлға олардың орнын толтыру үшін төлейтін ай сайынғы өтемдерін - мерзімдік төлемдер деп түсінген жөн.

Зиянды өтеу бойынша заңдармен белгіленген өзге төлемдер (емделуге, қосымша тамақтануға, дәрі-дәрмек сатып алуға, протез салуға, басқаның күтім жасауына, санаторлық-курорттық емделуге, арнайы көлік құралдарын сатып алуға және басқаларға арналған шығыстар) капиталға айналдыру кезінде есептелмейді.

Заңның 102-бабына сай көзделген тәртіппен айқындалған капиталға айналдырылған төлем (өтемақы) сомасы индексациялауға, сондай-ақ азаматқа белгіленген мүгедектік тобының өзгеруіне байланысты көбейту немесе азайту нысанында қайта қаралуға жатпайды.

Ескерту. 3-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Жоғарғы Сотының 30.12.2011 № 5 Нормативтік қаулысымен.

4. АК-нің 945-бабының 2-тармағымен көзделгендей, өмір мен денсаулыққа келтірілген зиян үшін жауапты заңды тұлға таратылған жағдайда тиісті төлемдерді капиталға айналдыру міндетті болып табылады.

Осыған байланысты кредиторлардың талаптарының тізілімін қалыптастырған кезде банкроттық басқарушы келтірілген зиян үшін белгіленген тәртіпте жауапты деп танылған және оны банкрот деп таныған сәтте тиісті төлемдер жүргізген таратылатын заңды тұлғаның зиян шеккен тұлғаларға төлейтін ай сайынғы төлемдерін капиталға айналдыруға міндетті.

Егер тарату рәсімдерін өткізу кезінде таратылатын заңды тұлға сот шешімімен өзінің қызметкеріне келтірілген зиян (атап айтқанда, пайда болған кәсіби ауруы) үшін жауапты деп танылса, онда тарату рәсімдері аяқталғанға дейін азаматтың өтініші бойынша жоғалған табысты (кірісті) өтеу үшін ай сайынғы төлемдер сомасы анықталады және ол Заңның 102-бабымен белгіленген тәртіпте капиталға айналдыруға жатады.

5. Капиталға айналдырылған төлемдерді банкроттық басқарушы бірінші кезектегі кредиторлардың талаптарының тізіміне енгізеді және борышкердің мүлкі есебінен бірінші кезекте орындалады.

Өткен кезеңдер үшін жоғалған табыстың (кірістің) ай сайынғы төлемдері бойынша қарызы, егер мұндай қарыз бар болса немесе сот шешімімен заңды тұлғаны банкрот деп танылған сәтте анықталса, кредиторлардың талаптарының тізіліміне бірінші кезекте енгізіледі.

6. Таратылатын заңды тұлғада мүліктің болмауы немесе жеткіліксіз болуы себепті банкроттық басқарушы капиталға айналдырылған төлемдерді өндіре алмаған жағдайларда, азаматтар АК-нің 945-бабына сәйкес, капиталға айналдырылған төлемдерді төлеу жөніндегі міндеттерді мемлекетке жүктеу туралы талаппен сотқа жүгінуге құқылы.

Жоғарыда баяндалған тәртіпте капиталға айналдырылған төлемдерді азаматтың өтініші бойынша бір уақытта төлеу өмір мен денсаулыққа келтірілген зиян үшін заңды тұлғаның міндеттемелерінің толық көлемде тоқтауына әкеп соғады.

7. Капиталға айналдырылған төлемдерді азаматтарға төлеуді қамтамасыз ету мақсатында соттар банкроттық рәсімдерді аяқтау туралы ұйғарымдарда төленбеген капитал көлемін көрсетуі қажет.

Егер бірінші кезектегі кредиторлардың аты-жөндері жазылған тізім көлемді болса, онда сот ұйғарымында есептелген және бірінші кезек бойынша капиталға айналдыру кезінде төленбеген жалпы сома және кредиторлардың талаптарының тізіміне сілтеме жасауына болады. Банкроттық басқарушының қолы қойылып кредиторлардың заңды тұлғаны тарату аяқталған күнге дейінгі талаптары көрсетілген тізілімдердің көшірмелері немесе тізілімнің тиісінше куәландырылған көшірмесі және соттың банкроттық рәсімдерді аяқтау туралы ұйғарымы азаматтың капиталға айналдырылған

төлемдерді төлеу туралы талаптарымен мемлекетке жүгіну құқығын дәлелдейтін құжаттар болып табылады.

8. Таратылатын заңды тұлғада мүліктің болмауы немесе жеткіліксіз болуы салдарынан капиталға айналдырылған төлемдерді төлеу міндеттерін мемлекетке жүктеу азаматтың науқастануына, мүгедектікке ұшырауына, асыраушысынан айырылуына байланысты Қазақстан Республикасы Конституциясының 28-бабының кепілдігіне сәйкес әлеуметтік қамсыздандырылу құқығын орындау тәсілдерінің бірі болып табылады. Осы міндетті өзіне қабылдай отырып, мемлекет таратылған заңды тұлғаның басқа міндеттемелерін қабылдаушы болып табылмайды.

Алайда, егер мерзімдік төлемдерді капиталға айналдыру банкроттық басқарушының кінәсінен жүргізілмесе және бұл қатені сот банкроттық рәсімдерді аяқтау туралы ұйғарым шығарған кезде түземесе немесе кәсіби ауруға шалдығуы салдарынан азамат еңбек қабілеттілігін жоғалтқандығы заңды тұлға банкроттық негіз бойынша таратылғаннан кейін анықталса, азамат заңмен белгіленген тәртіпте мемлекетке зиянды өтеу туралы талаппен сотқа жүгінуге құқылы.

9. Капиталға айналдырылған төлемдерді төлеу жөніндегі міндеттемені мемлекетке жүктеу туралы өтінішті қанағаттандыру кезінде сот шешімнің қарар бөлімінде ақша республикалық бюджет қаражатынан өндірілетіндігін, ал бұл соманы өтеу міндеті республикалық бюджеттік бағдарламаның тиісті әкімшісіне жүктелетіндігін көрсетуі тиіс.

Капиталға айналдырылған төлемдерді өндіру туралы істер бойынша мемлекеттік баж алынбайды.

10. Жәбірленушінің жоғалтқан табысын (кірісін) капиталға айналдыру кезінде және ай сайынғы төлем бойынша міндеттемені оның келісімімен бір жолғы өтемақы төлеумен ауыстыру кезінде азаматтың жеке басына тығыз байланысты міндеттеме мен құқығы, өтемақы алу құқығымен ауыстырылады.

Осыған байланысты жәбірленуші азаматқа аударылған және бірінші кезектегі кредиторлардың талаптарының тізіліміне енгізілген, бірақ олар тарату барысында толық немесе ішінара алынбаса немесе өтемақы сомасы сот шешімі бойынша мемлекеттен өндірілмесе, онда олар мұра құрамына енгізіледі. Оны төлеу туралы талапты мұрагерлер мұрагерлік туралы заңнамамен белгіленген тәртіпте және мерзімде қоя алады.

11. Банкроттық рәсімдер шегінде есептелген және капиталға айналдырылған төлемдер азаматтың жоғалтқан табысын (кірісін) өтеуі болып табылады, сондықтан салық заңдарымен белгіленген тәртіпте табыс салығы салынады.

12. Қазақстан Республикасы Конституциясының 4-бабына сәйкес, осы нормативтік қаулы қолданыстағы құқық құрамына енгізіледі және жалпыға бірдей міндетті болып табылады әрі ресми жарияланған күннен бастап күшіне енеді.

Жоғарғы Сотының Төрағасы
Қазақстан Республикасы
Жоғарғы Сотының судьясы,
жалпы отырыс хатшысы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК